

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

1. Қазақстан Республикасының конституциялық негіздері, Конституция ҚР негізгі заңы. Қоғам және мемлекеттегі Қарулы Күштер

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.10.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/43162/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

1. **Сабақтың мақсаты:** Оқушыларға Қазақстан Республикасының конституциялық негіздері және Қарулы Күштердің мемлекеттегі орны туралы түсіндіру.

2. **Уақыты:** 45 минут.

3. **Өткізілетін орны:** АӘД бөлмесі.

4. **Өтілетін күні:**

5. **Көрнекілік құралдар:** АӘД оқулығы.

6. **Сабақтың барысы:**

а) Ұйымдастыру кезеңі – 3 минут.

Взвод командирі оқушыларды сапқа тұрғызады, оқытушыға рапорт береді, амандасу, түгендеу, оқушылардың сырт көрінісін тексеру.

ә) Өтілген тақырыпты сұрау кезеңі – 12 минут.

- Жазылма және жорықтық сап дегеніміз не?
- Бөлімше қандай сап түрлерінде болуы мүмкін?

- Бөлімшені бір қатарлы (екі қатарлы) сапқа тұрғызу үшін пәрменді қалай беру керек?
- Бөлімшені жазылма және жорықтық сапқа тұрғызу үшін пәрменді қалай беру керек?
- Лек қозғалысының бағытын өзгерту үшін қандай пәрмен беріледі?
- Жазылма және жорықтық сап дегеніміз не?
- Бөлімше қандай сап түрлерінде болуы мүмкін?
- Бөлімшені бір қатарлы (екі қатарлы) сапқа тұрғызу үшін пәрменді қалай беру керек?
- Бөлімшені жазылма және жорықтық сапқа тұрғызу үшін пәрменді қалай беру керек?
- Лек қозғалысының бағытын өзгерту үшін қандай пәрмен беріледі?

б) Негізгі бөлім - 20 минут.

Қазақстан Республикасының конституциялық негіздері. Қарулы Күштердің мемлекеттегі орны. Конституция — Қазақстан Республикасының негізгі Заңы. Армияның қоғамдағы және мемлекеттегі орны.

Қазақстан Республикасының конституциялық негіздері, Конституция ҚР негізгі заңы. Қоғам және мемлекеттегі Қарулы Күштер

ҚРК құрылымының негіздері дегеніміз – Қазақстанды демократиялық, құқықтық, айырлы және біртұтас Мемлекет ретінде сипаттайтын ҚРК-сының негізделген ережелері.

Адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын мойындау, сақтау мен қорғау – мемлекеттің міндеті болып табылады. Мұндай адам мен азаматқа бағытталған нақты мақсат бірінші рет Конституция мәтінінде – ҚР-ның Негізгі Заңында тіркелген.

ҚРК-да демократияның мәні – «халық билігі» деп атап айтқан. Халық өз билігін тікелей өз өкілдері арқылы жүргізеді. ҚРК-да халық атынан сөйлеу құқы Парламент пен Республика Президентіне берілетіндігі бекітілген. Яғни, ҚР Президентін және Парламентті халықтың өзінің сайлауы немесе мемлекет басшыларының тиісті лауазымдарға тағайындалуы ҚРК белгілеген тәртіп пен республика заңдары бойынша іске асырылады.

ҚРК жеке меншікке қол сұқпауға, жеке кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, бәсекелестікті қолдауға кепілдік береді.

ҚРК-да «Діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген. Мемлекет қандай да болсын бір дінге немесе атейзмге артықшылық бере алмайды» делінген, яғни біздің мемлекетіміздің басшыларының қандай да бір діни ағымдарға тәуелсіз екенін білдіреді.

ҚРК мен заңдары өз аумағының біртұтастығын, бөлінбеуін және қол сұғылмауын қамтамасыз етеді. Өзінің бұл міндетін ҚР шекаралық әскерлер мен ҚК-ді қолдану арқылы жүзеге асыруға құқылы.

ҚРК-ның жоғары заңды күші бар. ҚРК-на сәйкес барлық заңдар ресми түрде жарияланады. Жарияланбаған заңдардың күші болмайды. Кез келген адам мен азаматтың құқығын, бостандығы мен міндеттерін қозғайтын нормативтік актілер ресми түрде жалпы танысу үшін жарияланбаса, қолдануға жатпайды.

ҚР – республикалық басқару нысанындағы мемлекет. Республикалық басқару формасы дегеніміз – халық белгілі бір мерзімде сайлаған үкімет органдарының болуы. ҚР-да Парламент өкілеттілігін 5 жылға, Президент өкілеттілігін 7 жылға халық сайлайды. Өз кезегінде ҚР Президенті мен Парламенті, Конституцияда белгіленген тәртіппен, барлық басқа мемлекеттік органдарды қалыптастырады.

ҚР ҚК-і еліміздің қоғамдық құрылысын, аумақтық тұтастығы мен тәуелсіздігін қарумен қорғау үшін арнайы құрылған мемлекеттік механизмнің құрамдас бөлігі болып табылады. **Армия** – мемлекеттің жоғары заң шығарушы және атқарушы органдары белгілейтін саясатты жүзеге асыру құралы. Республика Конституциясының 124-ші бабында ҚР-ның егемендігі мен тұтастығын қорғауды ҚК жүзеге асырады деп атап көрсетілген.

в) Қорытынды бөлім – 10 минут.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- Қазақстан Республикасының Конституциялық құрылымы негіздері дегенді қалай түсінесіңдер?
- Армия дегеніміз не?

Мемлекеттегі Қарулы Күштердің рөлі мен орны туралы айтып беріңдер

Алғашқы әскери дайындық пәнінің ұйымдастырушы оқытушысы: _____

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.